БЕКІТЕМІН

«С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ»
АҚ Басқарма төрағасы
_____А.Қ. Күрішбаев
13.06.12
(күні, айы, жылы)

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ
СМЖ ЖҒКЕ 11010.35 - 2012

Тұнық сұр дана
_____ көшірме

АСТАНА 2012

Санкциясыз құжаттың көшірмесін жасауға тыйым салынады

Алғы сөз

1 ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН жұмыс тобы мен сапа қызметі
жұмыс тобының атауы (ЖҒКЕ)

ЖТ-ның төрағасы пед. ғылымдарының докторы, профессор А.М. Әбдіров
ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аты-жөні

2 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ КҮШІНЕ ЕНДІ Басқарма төрағасының
(құжатты бекітетін лауазымдық тұлға)

17.06.12 жылғы №296 бұйрығымен
(ұйымдық-басқару құжатының бекіту күні мен нөмірі, атауы)

3 ӘЗІРЛЕУШІЛЕР : - Басқарма төрағасының ғылым және инвестициялар жөніндегі орынбасары – Л.Ү. Садықова
ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аты-жөні
- жас ғалымдар кеңесінің төрағасы, а.ш ғ.к. – Е.Т. Нұрманов
ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аты-жөні
- сапа қызметі бастығының м.а. – А.Х. Ахметова
ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аты-жөні

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРІС МЕРЗІМІ 2017ж.
ТЕКСЕРІС ЖИІЛІГІ 5 жыл

Осы құжатты С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Басқарма төрағасының рұқсатынсыз, түгел және жартылай басып шығаруға, көбейтіп таратуға тыйым салынған.

Санкциясыз құжаттың көшірмесін жасауға тыйым салынады.

Мазмұны

1 Қолданылу аясы 4
2 Нормативтік сілтемелер 4
3 Анықтамалар 4
4 Белгілер мен қысқартулар 4
5 Жауапкершілік пен өкілеттіктер 5
6 Жалпы ережелер 5
7 Кеңес қызметінің мақсаты, міндеттері мен негізгі бағыттары 6
8 Кеңесті қалыптастыру тәртібі 8
9 Кеңестің ұйымдық құрылымы 9
10 С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ және Жас ғалымдар Кеңесінің өзара байланысы 10
11 Өзгерістер енгізу тәртібі
12 Сақтау, тарату 11
А қосымшасы Келісу парағы 12
Б қосымшасы Танысу парағы 13
В қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы 14
Г қосымшасы Кезеңді тексерісті есепке алу парағы 15

Санкциясыз құжаттың көшірмесін жасауға тыйым салынады.

1 Қолданылу аясы

С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ жас ғалымдар кеңесі туралы ереже жас ғалымдар кеңесінің қызметін реттейді, кеңес мүшелерінің қызметтері мен міндеттерін анықтайды.

Жас ғалымдар кеңесі туралы ереже «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» АҚ барлық қызметкерлері өз жұмысында басшылыққа алуға міндетті.

Жас ғалымдар кеңесі туралы ереже С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университетінің (одан әрі С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ) сапа менеджменті жүйесі (одан әрі СМЖ) құжаттарының құрамына кіреді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

ХС ИСО 9000:2005 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер және сөздік.

ХС ИСО 9001:2008 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.

СМЖ ҰС 1.1.01 - 2011 Сапа менеджменті жүйесі. Сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасын құру, баяндау және рәсімдеу тәртібін ұйымдастыру стандарты.

ҚР СМЖ 01 - 2011 Сапа менеджменті жүйесі. Құжатталған рәсім. Құжаттаманы басқару.

ҚР СМЖ 02 - 2011 Сапа менеджменті жүйесі. Құжатталған рәсім. Сапа жөніндегі жазбаларды басқару.

3 Анықтамалар

3.1 Осы ережеде ХС ИСО 9000:2005 сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады.

4 Белгілер мен қысқартулар

Осы ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

- С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ - С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университет;
- ЖҒКЕ - С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің жас ғалымдар кеңесі туралы ереже;
- ҰС - ұйым стандарты;
- ҚР - құжатталған рәсім;
- СБӨ - сапа басшылығының өкілі;

Санкциясыз құжаттың көшірмесін жасауға тыйым салынады.

- ЖТ- жұмыс тобы;
- ЖБ - жобаның басшысы;
- СҚ - сапа қызметі;
- СМЖ - сапа менеджменті жүйесі;
- ҚР - Қазахстан Республикасы;
- ҒТК - ғылыми техникалық кеңес;
- ҒЗЖ - ғылыми зерттеу жұмысы.

5 Жауапкершілік пен өкілеттіктер

5.1 С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің жас ғалымдар кеңесі туралы ережені әзірлеу, онымен келісу, бекіту, тіркеу және күшіне енгізу жауапкершілігі мен өкілеттігі төмендегідей:

- ережені әзірлеуге, атап айтқанда оның мазмұнына, құрылымына, ресімделуіне, бекітілуі мен қолданысқа енгізілуіне сапа басшылығының өкілі (одан әрі СБӨ) және Басқарма төрағасының ғылым және инвестициялар жөніндегі орынбасары (Басқарма төрағасының Ғ және И жөніндегі орынбасары) жауапты;
- ереже жобасы СБӨ, Басқарма төрағасының Ғ және И жөніндегі орынбасары, ғылым және инновациялық қызмет департаменті директорымен (одан әрі – ҒИҚД директоры) және СҚ бастығымен келісілуі керек;
- ереже жобасын түпкілікті редакциялау туралы шешімді СБӨ мен ЖБ қабылдайды және «Келісу парағында» қолдарын қояды (А қосымшасы);
- Басқарма төрағасының Ғ және И жөніндегі орынбасары ереже жобасын СҚ тіркеуге береді. СҚ түпнұсқасын ресімдеп, келісу жөніндегі қолдарды жинайды.
- ереже жобасын С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ Басқарма төрағасы бекітеді.
- ереженің бекітілуімен бір уақытта СҚ оның күшіне енгізілуі туралы бұйрық дайындайды. Бұйрықты С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ Басқарма төрағасы бекітеді.

Бекітілген ережені бөлімше қызметкерлерінің назарына жеткізуге бөлімше басшысы жауапты. Танысу туралы жазба «Танысу парағында» ресімделуі керек (Б қосымшасы).

6 Жалпы ереже

6.1 С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ жас ғалымдар кеңесі (одан әрі -Кеңес) ерікті түрде тұрақты қызмет ететін алқалық орган болып табылады.

6.2 Осы ереже бойынша жас ғалымдар қатарына 40 жасқа дейінгі ғылыми қызметкерлер, мамандар, магистранттар, phD докторлары мен кандидаттары, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын университет оқытушылары жатқызылады.

Санкциясыз құжаттың көшірмесін жасауға тыйым салынады.

6.3 Кеңес қызметі Қазақстан Республикасы Конституциясы (одан әрі -ҚР), университет Жарғысы, университет қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар, сондай-ақ демократизм, еркіндік, жариялылық, өзіндік басқару, теңдік принциптері негізінде жүзеге асырылады.

6.4 Жас ғалымдар Кеңесі заңды тұлға болып табылмайды және өз қызметін университет басшысымен бекіткен Жас ғалымдар Кеңесі туралы ережеге сәйкес іске асырады.

6.5 Кеңес қызметін тоқтату туралы шешім университеттің ғылыми Кеңесімен қабылданады.

7 Кеңес қызметінің мақсаты, міндеттері мен негізгі бағыттары

7.1 Кеңес:

- жас ғалымдарға кәсіби деңгейлерін арттыруда көмек көрсету;
- ғылыми әлеуетті дамыту және жас ғалымдардың шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыру;
- С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ-дың ғылыми жастарының кәсіби, зияткерлік, заңды және әлеуметтік-тұрмыстық мүдделері мен құқықтарын іске асыру, қорғау;
- ғылыми білімді және ғылымның заманауи жетістіктерін насихаттау мақсатында құрылады.

7.2 Кеңестің негізгі міндеттері:

- С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ-дың ғылыми жастарының кәсіби өсуіне ықпал ету, жастардың ғылыми бастамаларын дамыту және жас ғылыми кадрларды университетте тұрақтандыру. С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ- дағы ғылыми жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныс даярлау;
- жас ғалымдардың ғылыми қызметінің ұйымдастырылуы мен қаржылық қолдау көрсетілуіне және олардың Қазақстан мен шетелдерде өткізілетін түрлі ғылыми-зерттеу жобаларына, бағдарламаларға, ғылыми тағылымдамаларға, конкурстарға, ғылыми конференциялар мен семинарларға қатысуына ықпал ету;
- жас ғалымдардың ғылыми зерттеулеріне қолдау көрсететін (грант бөлетін) ғылыми жобалар, бағдарламалар мен қорлар туралы, еліміз бен шетелдегі ғылыми және білім беру орталықтары, сондай-ақ Қазақстан мен алыс және жақын шетелдерде өткізілетін бейінді іс-шаралар (конференциялар, семинарлар) туралы ақпарат беру;
- үздік ғылыми-техникалық өнім конкурсын, ғылыми конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру және өткізуге ықпал ету, жас ғалымдарға ғылыми мақалалары мен баяндамаларын жариялауға көмек көрсету;

Санкциясыз құжаттың көшірмесін жасауға тыйым салынады.

- университеттің ғылыми техникалық кеңес (одан әрі ҒТК) отырысында магистранттар мен тәлімгерлерді аттестаттауға қатысу;

- жас ғалымдарға ғылыми зерттеу жұмыстар (одан әрі ҒЗЖ) әдістемесі мен әдіснамасын меңгеруге көмек көрсетуге бағытталған іс-шаралар өткізу; жас ғалымның ғылыми-техникалық және мәдени өсуіне ықпал ету;

- ғылыми жастарды жұмысына қолдау көрсететін қорлар, гранттар, конференциялар, мектептер мен басқа да іс-шаралар туралы, бос орын жайлы ақпараттандыру;

- ғылыми ұйымдар, ғылыми зерттеу институты, жоғары оқу орындары жас ғалымдарының ғылыми зерттеулері мен әзірлемелерінің ақпаратты мәліметтер базасын құру;

- жас ғалымдарға отандық және шетелдік гранттарға қатысу үшін белсенді жұмыс істеуге, магистратураға түсуге, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, магистрлік диссертациясын қорғауға көмек көрсету;

- жас ғалымдарды ҚР Білім және ғылым министрлігінің және басқа да министрліктердің сыйақыларына ізденушілікке ұсыну; дарынды жас мамандарға магистратура мен докторантураға түсуге қолдау көрсету;

- жас ғалымдардың еңбегі, тұрмысы мен демалысы мәселелері бойынша өзінің ұсыныстарын ректоратқа білдіру;

- жас ғалымдардың өздерінің әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған бастамаларына қолдау көрсету.

7.3 Кеңес қызметінің басты бағыттары

Кеңес:

- ғылыми және қоғамдық өмірдің түрлі мәселелері туралы ректоратта, Ғылыми кеңесте ұсыныстар мен бастамалар көтеруге;

- С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ - дың ғылыми жастарының заңды мүдделері мен құқықтарын қорғауға;

- ғылыми конференциялар, семинарлар, ғылыми жұмыстардың конкурстарын, жас ғалымдардың кездесулерін, Қазақстан мен шетелдің ғылыми және білім беру орталықтарының жетекші ғалымдарының дәрістерін ұйымдастыруға;

- инновациялық және енгізу орталықтарымен, ұйымдармен, басқа да ғылыми-зерттеу жобалары мен бағдарламаларын жүзеге асыратын және оларға қаржылық қолдау көрсететін (гранттар бөлетін) мүдделі ұйымдар және қорлармен байланыс жасауға;

- жас ғалымдардың әкімшілік, ғылыми, қоғамдық және басқа да ұйымдарда мүдделерін қорғауға;

- халықаралық, аймақаралық, аймақтық және басқа да жобалар мен бағдарламаларға қатысуға;

Санкциясыз құжаттың көшірмесін жасауға тыйым салынады.

- жоғары оқу орны магистрлері мен студенттерін ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартуға көмек көрсетуге;

- жас ғалымдардың ҒЗЖ -рын сараптамалық бағалауға, еліміздің ғылыми өмірін дамытуға қатысты заңнамалық актілер мен басқа да құжаттарды әзірлеу жұмысына қатысуға құқылы.

7.4 Аталған міндеттерді іске асыру жолындағы Кеңес міндеті:

- ҚР-ның университеттің Жарғылық қызмет саласына қатысты заңнамаларын, халықаралық құқық нормалары мен жалпы қабылданған қағидаларды, сондай-ақ С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ Жарғысы мен осы Ережеге сай нормаларды ұстану;

- Басқарма төрағасының Ғ және И жөніндегі орынбасарына өз қызметі туралы ақпарат пен жылдық есеп ұсыну.

8 Кеңесті қалыптастыру тәртібі

8.1 Кеңестің мүшесі осы Ережені мойындайтын 0 жасқа дейінгі университеттің жас ғалымдары, магистранттары мен phD докторлары бола алады.

8.2 Кеңес мүшелігіне әр факультеттен деканмен бекітіліп, 1-2 адам ұсынылады.

Кеңес мүшелеріне қойылатын біліктілік талаптар:

- ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі 1 жылдан кем болмауы тиіс;

- қарым-қатынас жасай білу және ұйымдастыру қабілеттері, азаматтық, жеке және ғылыммен айналысу ұстанымының болуы, педагогикалық тактісі болуы керек.

8.3 Кеңес мүшелігіне ұсынылған факультет өкілі 1 жылға сайланады. Алдағы уақытта оның кеңеске мүшелігі факультет кеңесінің шешімімен тоқтатылуы не ұзартылуы мүмкін.

8.4 Кеңес мүшелері жас ғалымдардың жалпы жиналысында сайланады. Кеңес құрамы С.Сейфуллина ҚАТУ Басқарма төрағасымен бекітіледі. Кеңес өз қызметін Басқарма төрағасының ҒХБ және И жөніндегі орынбасарының тікелей жетекшілігімен атқарады. Кеңестің құрамы 10-12 адамнан тұрады.

8.5 Кеңес мүшелігінен келесі жағдайларда шығарылады:

- сайлаған факультеттің ғылыми кеңесі шешімі бойынша кері шақырту болғанда;

- Кеңес мүшесінің осы ережені қатаң бұзғанда;

- Кеңес шешімін орындамағанда;

- Кеңес құрамынан шығу туралы өз шешімін жазбаша хабарлағанда.

8.6 Кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттері бірдей.

Жас ғалымдар Кеңесінің төрағасы:

Санкциясыз құжаттың көшірмесін жасауға тыйым салынады.

- Кеңес қызметін басқарады;
- Кеңестің шешіміне және басқа да құжаттарына қол қояды;
- Кеңес мүшелері арасында міндеттерді бөледі;
- Кеңесті шақыру және оның кезекті отырысын өткізу мерзімі туралы шешім қабылдайды;
- Кеңес отырысын өткізеді;
- Кеңестің жұмыс жоспарын, отырыстың күн тәртібін және жұмысына қажетті басқа да құжаттарды бекітеді;
- Кеңес қызметі туралы жылдық есептің дайындалуына басшылық жасайды;
- Университет ректоратымен осы Ережеге сай байланыс жасайды және Кеңестің осы Ережемен бекітілген қызметін орындауға жауапты болады.

Төраға болмаған жағдайда Кеңес қызметін оның орынбасары басқарады.

Секретариат:
- Кеңес отырысының күн тәртібі жобасын жасайды;
- Кеңес отырысын өткізуді ұйымдастырады;
- Кеңес отырысы мен оның шешімін хаттайды;
- Кеңес шешімін мүдделі тұлғаларға жеткізеді.

Кеңес мүшесінің құқықтары:
- Кеңестің басшы органдарын сайлау және сайлану;
- Кеңес отырыстарына қатысу, бастама көтеру, өз көзқарасын білдіру, Кеңес қарарына ұсыныс енгізу және белгіленген регламентке сай қарастырылып отырған барлық мәселелерді ашық талқылауға қатысу.

Кеңес мүшесінің міндеттері:
- Осы Ережені ұстану және Кеңес шешімін орындау;
- өзіне жүктелген міндеттерді орындау, өз қызметінде Кеңестің мақсаты, міндеті мен принциптерін басшылыққа алу;
- Кеңестен оның қызметіне қатысты тапсырмаларды орындау туралы жазбаша не ауызша хабар алғанда, өз жауабын белгіленген тәртіпте, көрсетілген мерзімде беру;
- Кеңес құзырлығындағы өзінің қандай да бір қызметінде Кеңес шешімін ұстану.

9 Кеңестің ұйымдық құрылымы

9.1 Кеңес отырысы қажеттілік бойынша өткізіледі. Кеңес мүшелерінің жартысынан көбі қатысқан отырысында шешім қабылдауға құқылы. Кеңес шешімі егер оған қатысушылардың 50%-нан көбі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

Санкциясыз құжаттың көшірмесін жасауға тыйым салынады.

9.2 Кеңестің кезекті жылға жұмыс жоспарын Басқарма төрағасының Ғ және И жөніндегі орынбасарымен бекітеді.

9.3 Кеңес төрағасы кеңес мүшелері арасынан жасырын не ашық дауыс беру жолымен (Кеңес отырысына қатысушылардың 2/3 бөлігінің дауысымен) 1 жылға сайланады.

Төраға сайлауы үш тур бойы жиналған дауыстың аздығынан қанағаттанарлық деп есептелмесе, келесі турда Кеңес төрағасы жалпы қатысушылардың көпшілігінің дауысымен сайланады.

9.4 Кеңестің ғылыми хатшысы Кеңес отырысында оның мүшелері арасынан сайланады және Кеңес бекіткен құзырлық аясында кеңес қызметін ақпараттық қолдауға жауапты болады.

9.5 Жас ғалымдар Кеңесі өз қызметінің кез келген мәселелері бойынша Басқарма төрағасының Ғ және И жөніндегі орынбасарының келісімімен шешім қабылдауға құқылы.

10 С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ және Жас ғалымдар Кеңесінің өзара байланысы

10.1 С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ Кеңеске кеңес беруде көмек жасайды;

10.2 Кеңес төрағасы университеттің ғылыми және ҒТК құрамына енгізіледі.

11 Өзгерістер енгізу тәртібі

11.1 Жас ғалымдар Кеңесі туралы ережеге өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар Кеңес отырысында қарастырылып, көпшілік дауыспен (Кеңес отырысында қатысушылардың кемінде 2/3 бөлігінің дауысымен) қабылданады не қайтарылады. Осы ережеге өзгерістер жас ғалымдардар кеңесінің өкілінің қызметтік хат негізінде СБӨ және (немесе) ЖТ рұқсатымен ғана енгізіледі және міндетті түрде оның (олардың) қолдары қойылып, жазбаша ресімделеді. Өзгертілген нұсқасынан алынған парақтар өзгеріс енгізуге рұқсат берілген құжатпен бірге сақталады.

11.2 СҚ сақтауға берілген ережеге өзгертулер ҚР СМЖ 01 талаптарына сәйкес енгізіледі.

11.3 Ережеге өзгерістер енгізілуі жөнінде хабарлама жасауға Басқарма төрағасымен келісе отырып Басқарма төрағасының Ғ және И жөніндегі орынбасары ғана құқықты.

11.4 Ережеге өзгертулерді міндетті түрде «Өзгерістерді тіркеу парағында» белгілеумен (В қосымшасы) СҚ енгізеді.

Санкциясыз құжаттың көшірмесін жасауға тыйым салынады.

11.5 Түпнұсқаға және көшірмеге өзгерістерді енгізуге Басқарма төрағасының ҒИ жөніндегі орынбасары жауапты.

12 Сақтау және тарату

12.1 Осы Ереженің (түпнұсқасын) СҚ-не сақтауға берілуіне Басқарма төрағасының Ғ және И жөніндегі орынбасары жауапты.

12.2 СМЖ ЖҒКЕ сақтауға, көбейтіп және оның көшірмелерін абоненттерге таратуға СҚ бастығы жауапты.

12.3 Ереженің көшірмелері келесі мекенжайларға: Басқарма төрағасының Ғ және И жөніндегі орынбасарына, университет деканаттары мен кафедраларына таратылады. СМЖ ЖҒКЕ көшірмелері шығыс құжаттарын тіркеу журналына тіркеліп беріледі.

Санкциясыз құжаттың көшірмесін жасауға тыйым салынады.